

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 15 маусымдағы N 1392 жарлығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 85-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауы 2004 жылғы 19 қыркүйекке тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының сайлауын ұйымдастыру, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды мүлтіксіз қабылдасын.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті